

Түсті металдарды ұрлау тәсілдерінің сипаттамасы: ұрлық жасау, оны жасаған қылмыскердің әрекеттерінің тәсілімен версияларды нәтижелі жүргізуде, тез және толық ашуда, жан-жақты анықтау үшін түсті металл ұрлықтарын тергеуде маңызды орын алады. Қылмыс жасау тәсілдері жедел-ізвестіру шараларын жүргізу мен алдын -ала тергеу жоспарларына негізделген болжамды нәжіжелі құру мен анықтауда маңызды мәнге ие болады, өйткені тергеу әдістері мен қылмыс жасау тәсілдері белгілі байланыста болып табылады.

Бөтеннің мүлкін ұрлауға тікелей бағытталған қылмыскердің әрекеттері қылмыс жасау тәсілінің құрылымында басты орын алады.

Қорытындылай криминалистикалық сипаттама-қылмыстарды табу, тергеу және алдын алудың тиімді әдістерін дұрыс анықтауға ықпал ететін қылмыс туралы мәліметтердің жүйесі болып табылады.

1. Сергеев Л.А. Расследование и предупреждений хищений, совершаемых при производстве строительных работ: Автореф.,...дисс канд. юрид. наук.- М., 1966
2. Колесниченко А.Н. Научные и правовые основы расследования отдельных видов преступлений: Автореф. дис. доктора юрид наук.- Харьков, 1967 – С.10-14
3. Крылов И.Ф. Криминалистическая характеристика преступлений – М., 1984. – С. 31-34.
4. ҚазҰУ-дің Оқулық басылым «Криминалистика» - П., 2006 г-С. 343-344 бет.
5. Белкин Р.С., Быховский И.Е., Дулов А.В. Модное увелечение или новое слово в науке.- 1987.- №9. - С.56.
6. Каневский Л.Л. К вопросу о значении ситуационного подхода и типовой криминалистической характеристики в распознавании общественно-опасного деяния, его расследовании и раскрытии. Вып. 9. - Уфа, 2002. - С. 22.
7. Белкин Р.С. Криминалистика: проблемы сегодняшнего дня.- М., 2001. - С. 223.
8. Мозговых Г.А. Криминалистическая характеристика преступления - Алматы., 2002. - С. 20-21
9. Герасимов И.Ф. Криминалистические характеристики преступлений в структуре частных методик// Вып. 69.- Свердловск, 1978 г. – С. 7-9.
10. Драпкин Л.Я. Предмет доказывания и криминалистические характеристики преступлений Вып 69.с- Свердловск, 1978 - С17.
11. Зуйков Г.Г. Поиск преступников по признакам способов совершения преступлений. - М., 1970 - С. 86.

In this article the forensic characterization of crimes in relation to the theft of nonferrous metal. At the beginning of the article shows the common issues, who first coined the term "forensic crime characteristics", which is opposite viewpoints on the definition of the term "forensic crime characteristics", of which elements consist of forensic characteristics of the crime.

В статье рассмотрена криминалистическая характеристика преступлений применительно к кражам цветного металла. В начале статьи показаны общие вопросы, кто впервые ввел понятие «криминалистическая характеристика преступления», какие есть противоположные точки зрения на определение понятия «криминалистическая характеристика преступления», из каких элементов состоит «криминалистическая характеристика преступления». Показаны элементы криминалистической характеристики краж цветного металла. Статья посвящена теме, которая ранее изучалась в практике.

Т. Иманқұлов

СОТ ОРГАНДАРЫНЫҢ АДАМ МЕН АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ АЯСЫНДАҒЫ АРАҚАТЫНАСЫ

Адамзаттың даму тарихында адам құқықтарын қорғау маңызды орны алады, оның ішінде қазіргі кезеңде, демократиялық және құқықтық мемлекетті құру кезеңінде маңызды . Адам құқықтарын қорғау Қазақстан Республикасында да маңызды рөл атқарады. Азаматтық қоғамда адамдардың құқықтарын қорғау, сот органдары арқылы адамдардың құқықтарын қорғау құқықтық мемлекет құру барысында маңызды сипатқа ие болады. Осындай жағдайда, Қазақстанда адамдардың құқықтарын қорғаудың тиісті әдістерін қолдану бірінші кезектегі міндеттердің бірі болып табылады.

Мемлекеттік органдар арасында сот органдарының алатын орнын анықтау үшін, сот билігінің басқа билік түрлерімен арақатынасын, байланыстылығын анықтауымыз қажет. Осы аталған міндетті анықтау үшін құқықтық мемлекет теориясының іліміне жүгінуіміз тиіс. Ең алдымен, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, билікті бөлу теориясымен өзінің нақты тәуелсіздігін көрсете алады. Әрбір жағдайда, сот органдарының немесе сот билігінің болуы қоғамдағы тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етумен байланыста болады. Мысалы Франция мемлекетінің 1789 жылғы қабылданған “Адам мен азаматтардың құқықтары туралы Декларациясында” (16-бабы), «егер қоғамда адамдардың құқықтарын қорғау қамтамасыз етуге кепілдік берілмесе, билікті бөлу қалыптаспаса, ондай мемлекеттің конституциясы болмайды» деп жазылған. Осы Декларацияда жазылған ереже адам құқықтары мен бостандықтары құқықтарының бірге болатындығы және құқықтарды қорғау сот билігімен жүзеге асырылатындығын байқаймыз.

Сот билігінің пайда болуы, әрбір мемлекеттің тарихи, ұлттық, географиялық, мәдени және басқа да ерекшеліктерін ескере отырып, хронологиялық тұрғыдан алған кезде, бірінші кезекте, заң шығарушы билік, одан кейін атқарушы билік, соңында екеуінің бірігу салдарынан сот билігінің пайда болуына ықпалын тигізетіндігін байқаймыз.

Ш.А. Монтаскьенің пікірі бойынша, жоғарыда аталған биліктердің арақатынасы арқылы пайда болған сот билігі пайда болғаннан кейін атқарушы және заң шығарушы биліктердің үстінен, олардың шығарған шешімдерінің, әрекеттерінің дұрыстығын заң нормалары бұзылған жағдайда тексеруге мүмкіндік алады [1]. Билікті бөлу теориясына сәйкес бұл билікті бөлу ғана емес, үш өз алдына дербес биліктердің қоғамдағы қажеттілігінен туындайды және аталған биліктерді басқа органдардың, тұлғалардың пайдалануына, иелік етуіне жол берілмейді. Сонымен қатар Ш.Л. Монтескье билікті бөлу теориясына сәйкес сот және атқарушы биліктердің қосылуына жол бермеу қағидасын қалыптастырады және аталған қағиданың басты мақсаттарының бірі сот басқа органдардың бәрінен тәуелсіз болып қалыптасуы тиіс. Билік теориясының қарсылық және ұстау теориясына сәйкес сот билігі үш түрлі дәрежеде көрінеді. Біріншіден, сот қабылданған заңдардың негізінде құқық қорғау функциясын атқарады, заң шығарушы биліктің жоғары дәрежелігін көрсетеді. Екіншіден сот органдары құқықтық және әкімшілік актілердің заңдылығын және дұрыстығына бақылауды жүзеге асырады, үшіншіден, сот қабылданған қолданыстағы заңдардың шеңберінде нормативтік құқықтық актілердің сәйкестігін анықтайды.

Билікті бөлу қағидасы әр мемлекеттің даму тарихында әртүрлі көзқарастар мен пікірлер қалыптастырды. Мысалы, сот билігінің өз алдына бөлек биліктің бірі болып қалыптасуы АҚШ-та, Францияда, Англияда, ГФР-да әртүрлі жолдармен жүзеге асырылды.

Құқықтық мемлекеттің теориясына сәйкес құқықтық жоғарылығы, құқықтық жоғарлығы құқықтық мемлекеттің алдындағы басымдылығы, құқықтық нормалар мен процедуралардың мемлекет арқылы басқаруды қамтамасыз етумен тығыз байланыста болады.

Құқықтық ойлар мен қоғамның саяси ойларының қалыптасуына мемлекетте қалыптасқан идеялар мен қағидалар өз әсерін тигізеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 13-бабына сәйкес “әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар”, – деп жазылған [2]. Әрбір азаматтың құқығы мемлекет тарапынан әрбір азаматқа қорғауға құқығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Азаматтардың қорғауға құқығы кейбір мемлекеттердің конституциясында көрініс тапқан. Мысалы, 1947 жылы қабылданған Италия Конституциясында (24-бабы), кезкелген азамат өзінің құқықтары мен мүдделерін қорғауды сот арқылы жүзеге асырады, - деп жазылған.

Әрбір азаматтың өзінің құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабында көрсетілген “Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең”, нормасымен сәйкес келуі тиіс. Сот органдарының даму процесінде кейіннен пайда болған бағыт – бұл сот жүйесінде “полижүйеліктің” қалыптасуы болып табылады. “Полижүйелік” шартты терминімен жалпы сот органдарымен қатар арнайы сот жүйелерінің қалыптасуын айтуға болады. Көптеген мемлекеттердің Конституциясы сот талқылауы ашық

түрде өтетіндігін жария етеді, дегенмен де кейбір жағдайларда жеке тұлғаның басына қатысты мәселелер қаралған жағдайда сот процесі жабық түрде өтеді.

Құқықтық мемлекет жағдайында оның жұмысын қамтамасыз ету мақсатында құқық қорғау органдар жүйесі қалыптасады, ал Қазақстан Республикасының Конституциясының 75-бабына сәйкес “Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады”, - делінген. Сот төрелігін жүзеге асырады мемлекеттік қызметтің арнайы түрі ретінде қарастыруымыз тиіс, себебі сот төрелігін мемлекет арнайы ұйымдастырған органдар жүзеге асырады. Сот төрелігіне ерекше тән белгілердің бірі – сот төрелігі арнайы құрылған сот органдарының істерді қарауда азаматтық және қылмыстық істер жүргізу заңнамалары аясында жүзеге асыруы. Сот төрелігіне қойылатын ерекше талаптардың бірі – бұл барлық тұлғалардың экономикалық, әлеуметтік, саяси құқықтарын қорғау болып табылады. Сондықтан да сот төрелігінің кейбір жағдайлар да қызметін әмбебап түрде қарастырсақ, онда қоғамдық тұрғыда сот төрелігінің маңызының аса түскендігін байқаймыз, ал кейбір жағдайларда мүдделі тұлғалардың арасында делдалдық, келісімшілік қызметін атқарады.

Сот өз қызметін жүзеге асыру барысында нақты билікке ие болуы үшін, сот органдары тәуелсіз болуы тиіс. Сот органдары тәуелсіз болуы үшін, біздің ойымызша, екі шарт сақталуы тиіс. Біріншіден, нақты істерді қарау кезінде сот бейтарап тұлға болуы тиіс, ал екіншіден азаматтық қоғамда сот әділдігін, төрелігін жүзеге асыру қабылданған процессуалдық нормалар мен заңнамалар негізінде шешілуі тиіс.

Сот тәуелсіздігі қағидасын қалыптастыру барысында келесідей қағидалар қалыптасты, оның ішінде, соттардың жеке тәуелсіздігіне кепіл беру немесе сот мәртебесін қалыптастыру, институционалдық тәуелсіздігін қалыптастыру болып табылады және соттардың функционалдық тәуелсіздігін қалыптастыру болып табылады. Сот органдарының адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау барысында негізгі мақсаты Конституция мен заңдарда көрсетілген кепілдіктерді қамтамасыз ету болып табылады.

1. Монтаскье Ш.Л. Указание сочинения. Учение Ш.Л. Монтаскье о формах правления и разделении властей М., 1991 г.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, 2009 ж.

This article describes and analyzes the role of the judiciary in protecting human and civil rights

В данной статье рассмотрена и анализируется роль судебных органов в сфере защиты прав человека и гражданина.

Е.А. Жақсыбаев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША КУӘЛІК ИММУНИТЕТТІҢ КЕЙБІР ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Куәлік иммунитет қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың арасында туындайтын және қылмыстық-процессуалдық қарым-қатынастар арқылы жүзеге асырылатын қылмыстық іс жүргізу құқығының институты болып табылады. Куәлік иммунитетке құқықтық қатынастарға қатысатын кез келген субъект емес, тек қана тікелей қылмыстық іс жүргізу заңында көрсетілген куәлік иммунитет субъектілері ғана ие болып табылады. Біздің жағдайда қылмыстық іс жүргізу қарым-қатынастарының субъектілері ретінде бір жағынан қылмыстық ізге түсу органы және сот, ал екінші жағынан куә ретінде жауап беруден бас тарту құқығы бар жеке тұлға қатысады.

1966-жылдың 16-желтоқсанындағы Азаматтық және саяси құқықтары туралы халқаралық пактінің 3-тармағының 14-бабының «г» тармақшасына сәйкес әрбір адамның оған тағылған қандай да болсын қылмыстық айыптауды қарау барысында өзіне қарсы жауап беруге немесе өзін кінәлі деп санауға мәжбүрленбеуге құқығы бар. Басқаша айтқанда, кез келген адам,